- ЕЗЖ есебінен зейнетақы төлемдерін БЖЗҚ тарапынан автоматты түрде тағайындау Мемлекеттік корпорацияға белгіленген тәртіппен мемлекеттік бюджеттен зейнетақы және міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) және (немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) есебінен зейнеткерлік жасына жетуіне байланысты төлемдер алуға өтінішпен жүгінген кезде;

- проактивті қызмет шеңберінде ЕЗЖ есебінен төлемдерді жүзеге асыру Мемлекеттік корпорациямен жыл сайынғы салыстырып тексеру нәтижелері бойынша халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті органның ақпараттық жүйесінде бюджет қаражаты есебінен тағайындалған жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің және (немесе) мемлекеттік базалық зейнетақы төлемдері болған кезде.

Өтінішсіз тәртіп зейнеткерлік жасқа толған азаматтарға қатысты БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдеріне бірыңғай тәсілді белгілеу мақсатында қабылданды. Жанашылдық ЕЗЖ есебінен зейнетақы төлемдерін онтайландырады және жалпыға бірдей белгіленген зейнетақы жасына жеткен, бұрын БЖЗҚ-ға 50 жасқа толуына немесе мүгедектігіне байланысты оларды төлеу үшін жүгінбеген адамдардың ЕЗЖ есебінен зейнетақы жинақтарының талап етілмеу тәуекелін жояды.

Егер ЕЗЖ есебінен зейнетақы жинақтарының сомасы республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының I қаңтарында қолданыста болатын ең төменгі зейнетақының 12 еселенген мөлшерінен аспаса (2026 жылы - 828588 теңге (12*69049)), бір реттік төлем ретінде жасалды немесе ай сайынғы кесте бойынша таусылғанға дейін жарналардың міндетті түрлерімен бірге жүзеге асырылады. Алайда алушы БЖЗҚ-ға ЕЗЖ есебінен төлем шарттарын өзгерту туралы өтінішпен жүгіне алады.

Естеріңізге сала кетейік, 50 жасқа толған немесе мүгедектігі бар адамдар БЖЗҚ сайтында немесе мобильді қосымшасында, сондай-ақ Қор кеңсесінде ЕЗЖ есебінен төлемдер алуға БЖЗҚ-ға өтініш бере алады.

ЕЗЖ есебінен төлемдер алу тәртібі туралы толық ақпаратпен БЖЗҚ сайтында "қызметтер"/"ЕЗЖ есебінен төлемдер" бөлімінде танысуға болады.

«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы.

ПОРЯДОК СОГЛАСОВАНИЯ СДЕЛОК С ИМУЩЕСТВОМ СУБЪЕКТОВ ЕСТЕСТВЕННЫХ МОНОПОЛИЙ

Приказом Министра национальной экономики Республики Казахстан от 13 августа 2019 года №73 (далее – Правила) установлен порядок согласования отдельных действий субъектов естественных монополий. Согласно данным Правилам, срок предоставления государственной услуги по согласованию сделок с имуществом субъектов естественных монополий составляет 10 рабочих дней.

Для получения государственной услуги «Выдача согласия на совершение сделок с имуществом субъекта естественной монополии» услугополучатель через портал представляет услугодателю следующие документы:

- 1) ходатайство о получении согласия уполномоченного органа по форме 1 согласно приложению 2 к настоящим Правилам;
- 2) электронную копию выписки-подтверждения из бухгалтерского баланса на начало текущего года, подписанную руководителем субъекта естественной монополии, с указанием наименования, типа, вида, инвентарного номера, первоначальной, остаточной стоимости отчуждаемого имущества в разрезе по отчуждаемым объектам.

Основные требования, связанные с характеристикой процесса, формы, содержания и результата государственной услуги, а также иные сведения, учитывающие особенности предоставления услуги, изложены в стандарте государственной услуги, приведенном в приложении 2-1 к Правилам.

Если заявитель не предоставляет полный пакет документов или предоставляет документы с истекшим сроком действия, поставщик услуг в течение 2 рабочих дней направляет уведомление об отказе в рассмотрении заявки в личный кабинет заявителя на портале.

В случае полноты представленных документов и на основании проведенных расчетов в течение 7 (семи) рабочих дней структурное подразделение соответствующей отрасли услугодателя предоставляет соответствующее заключение, по итогам ответственное структурное подразделение в течение 1 (одного) рабочего дня, принимает решение о выдаче согласия на совершение сделок с имуществом, используемым для предоставления регулируемой услуги, если балансовая стоимость имущества, учтенного в бухгалтерском балансе на начало текущего года, превышает 0,05 процента от балансовой стоимости его активов в соответствии с бухгалтерским балансом на начало текущего календарного года.

Результат оказания государственной услуги направляется в электронной форме подписанного электронной цифровой подписью руководителя услугодателя в «личный кабинет» услугополучателя на портале.

Основанием для отказа в оказании государственных услуг является:

- 1) повышение тарифа;
- 2) нарушение договоров с потребителями;
- 3) ущемление прав и законных интересов потребителей;
- 4) нарушение неразрывно связанной технологической системы предоставления регулируемой услуги или снижению качества регулируемой услуги;

- 5) установление недостоверности документов, представленных услугополучателем для получения государственной услуги, и (или) данных (сведений), содержащихся в них;

- 6) несоответствие услугополучателя и (или) представленных материалов, объектов, данных и сведений, необходимых для оказания государственной услуги, требованиям, установленным в соответствии с настоящими Правилами;

- 7) в отношении услугополучателя имеется вступившее в законную силу решение (приговор) суда о запрете деятельности или отдельных видов деятельности, требующих получения определенной государственной услуги;

- 8) в отношении услугополучателя имеется вступившее в законную силу решение суда, на основании которого услугополучатель лишен специального права, связанного с получением государственной услуги.

Жалоба на решения, действия (бездействия) услугодателя по вопросам оказания государственных услуг может быть подана на имя руководителя услугодателя, уполномоченного органа и в уполномоченный орган по оценке и контролю за качеством оказания государственных услуг в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

Департамент Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики Республики Казахстан по Кызылординской области.

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА ЖАҢА ТАМАҚТАНУ СТАНДАРТЫНЫҢ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫ ТУРАЛЫ



2022 жылғы 17 ақпандағы № ҚР ДСМ-16 бұйрығымен (әрі қарай - Бұйрық) бекітілген "Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларының талаптарына сай бекітілген.

Жалпы білім беретін мектептерде төрт апталық маусымдық перспективалық мәзір Қызылорда облысының білім басқармасымен келісіліп, Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасымен бекітілді.

Тамақтану стандарты мектепке дейінгі ұйымдарда, орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында, сондай-ақ білім беру және сауықтыру ұйымдарында тамақтануды ұйымдастыруға қолданылады. Тамақтану стандарты заманауи, халықаралық талаптарды ескере отырып әзірленген.

МАҚСАТЫ - балаларды қауіпсіз, сапалы және құнарлы тамақтанумен қамтамасыз ету, тағамның құрамындағы ақуыз, май, көмірсу және дәрумендер мөлшерін жас ерекшеліктеріне сай теңгерімді ету. Жаңа стандартқа енгізілген түзетулердің негізгі артықшылықтары:

1. ДДҰ ұсыныстары бойынша тәуліктік қанттың қабылдау мөлшері 25 грамнан, тұздың тәуліктік қабылдау мөлшері 5 грамнан асырмау;

2. Жемістер мен көкөністерді тұтынуды көбейту;
3. Мәзірден табиғи емес тағамдарды, мөлшерден тыс тұзды және қант қосылған тағамдарды алып тастау;

4. Білім беру ұйымдарында тамақтануды ұйымдастыру тәсілдерін айқындап берді («Шведтік стол», Кейтеринг және аутсорсинг) қарастырылған;

5. Шағын жинақталған мектептерде - «Ланч-пакеттер» (түскі ас пакеттері);

6. Мектепке дейінгі ұйымдар мен балаларды сауықтыру ұйымдарында кейтеринг және аутсорсинг рұқсат етілмейді;

7. Жеуге жарамсыздық индексі = Тамақ қалдықтары;

8. Стандарт білім беру ұйымдарында тамақтанудың біркелкі тәсілдерін қамтамасыз етеді және оны енгізу балалардың тамақтануының сапасын арттыру мен денсаулығын нығайтудың негізіне айналуы тиіс.

Мектеп тағамдарына арналған көп нұсқалы перспективалық мәзір үлгісі.

1. Балалардың физиологиялық қажеттіліктерін энергетикалық құндылығын (калориялық) ескере отырып құрастырылған;

2. Балалардың жас санаттары, маусымдық ерекшеліктерін (қыс-көктем, жаз-күз), сондай-ақ ас блогы жоқ мектептердегі балалардың тамақтануы ескерілген;

3. Семіздік, қант диабеті, жүрек-қан тамырлары және басқа да аурулардың қауіпін азайту үшін қант пен тұзды азайту бойынша ДДҰ ұсынымдары ескерілген;

Рацион мыналарды қамтиды:

1. ет, балық және көкөніс тағамдары, жаңа піскен көкөніс салаттары және қант мөлшері аз сусындар;

2. майы аз сүт; пробиотиктері бар ашытылған сүт өнімдері;

3. көкөністер мен жемістердің мөлшерін көбейту.

Тағамнан улану мен жедел ішек инфекцияларының алдын алу үшін бірнеше шараларды қатаң сақтау қажет:

1. Тағамның сапасы мен қауіпсіздігін бақылау;
2. Қызметкерлердің санитариялық-гигиеналық білімдері мен дағдыларын арттыру;
3. Тамақтану режимін бақылау;
4. Инфекциялардың алдын алу және ауруды жұқтырудың жолдарын болдырмау.

Ақниет Жаңабергенқызы МЕРГЕНОВА,
Қызылорда қалалық санитариялық-эпидемиологиялық
бақылау Басқармасының бас маманы,
ашық көздерден алынған фотосурет.

ХАЛЫҚТЫҢ САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ САЛАМАТТЫЛЫҒЫ САЛАСЫНДА БАҚЫЛАУ МАҚСАТЫНДА САТЫП АЛУ НӘТИЖЕЛЕРІ ТУРАЛЫ

Сырдария аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау Басқармасымен өнім қауіпсіздігін бақылау мақсатында, 2026 жылға бекітілген жоспар-кестеге сәйкес 4 нысаннан барлығы 51 сынамалар іріктеліп, сатып алынды. Сатып алынған 51 сынама (20- отандық, 21- ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер, 10- өзге елдер), оның ішінде тамақ өнімдерінен - 45, тамақ емес өнімдерінен - 6 сынамалар іріктеліп алынды. Алынған 51 сынаманы түрлерімен жіктеуің болсақ; май және май өнімдері-6, ет және ет өнімдері-3, балық және балық өнімдері-2, құс және құс өнімдері -2, шырғандар-1, алкогольсіз сусындар-5, сүт және сүт өнімдері-17, ұн және жарма өнімдері- 3, кондитерлік өнім-2, жеміс-көкөніс-3, басқа да - 1, балалар және жасөспірімдер өнімі- 1, ойыншықтар-1, жеке гигиена-2, тұрмыстық химия өнімінен -1, тамақ өнімдерімен байланысатын өнім -1 сынамалар алынды.

Жүргізілген санитариялық-эпидемиологиялық сараптама нәтижесімен 9 сынама (сүт және сүт өнімдері-1, құс еті және құс еті өнімдері-2, балық өнімі-2, ұн және жарма өнімдері - 1, алкогольсіз сусындар-1, ет өнімі-1, кондитер өнімі-1) техникалық регламенттер талаптарына, яғни таңбалануы бойынша және микробиологиялық көрсеткіш бойынша талаптарға сай болмай шықты. Атап айтқанда, мемлекеттік тілде мәлімет көрсетілмеген жәнде ІТБ анықталған. Сәйкес келмеген өнімдер бойынша 3 жеке кәсіпкерлерге «Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерінің талаптарына және (немесе) Бірыңғай санитариялық-эпидемиологиялық және гигиеналық талаптарына сәйкес келмейтін (сәйкес келмейтін) өнімді (тауарды) алып қою және өткізуден кері қайтарып алу туралы жедел ден қою шараларын қолдану туралы» Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 4 қаулысы беріліп, орындалуы бойынша жауаптары алынды. 2 сауда дүкендерге жоспардан тыс тексеру жұмыстары жүргізілді, бұзушылықтар анықталған жоқ. Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы тергеп-тексеру бойынша 1-нысан



тексерілді, бұзушылықтар анықталып, ӘҚБтК 425 бабының 1- бөлігі бойынша жауапты тұлға айыппұл салынды.

Тағам қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі техникалық регламенттер, қауіпсіз тағам өнімдерін пайдалану, тағам өнімдерін өндіру, тасымалдау, сақтау, сатумен айналысатын жеке кәсіпкерлерге түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Жанар Пермебайқызы БИСЕНБАЙ,
Сырдария аудандық СЭББ жетекші маманы,
ашық көздерден алынған фотосурет.

КАКИЕ РЕЗУЛЬТАТЫ ПОКАЗАЛ КАЗАХСТАН В ВОССТАНОВЛЕНИИ РЕДКИХ ВИДОВ ЖИВОТНЫХ



Казахстан демонстрирует результаты мирового значения в сохранении редких видов животных. Об этом заявил министр экологии и природных ресурсов Ерлан Нысанбаев в ходе пленарного заседания в рамках экологического саммита в Астане,

передает корреспондент агентства Kazinform.

По его словам, вопросы устойчивого развития Центральной Азии имеют глобальное значение.

- Горная экосистема Тянь-Шаня, степи, пустыни, леса и водно-болотные угодья региона формируют природный комплекс мирового значения. Только в горах Центральной Азии сосредоточено 5000 видов растений, 1500 из них являются эндемичными, - сообщил Нысанбаев.


Министр отметил, что регион играет ключевую роль в сохранении мигрирующих видов, экологической связанности и трансграничных экосистем. В связи с этим охрана природы выходит за рамки национальной повестки и требует совместных усилий.

- Казахстан подходит к этой повестке с конкретными действиями и результатами. Утверждена Концепция сохранения устойчивого использования биоразнообразия до 2035 года, при этом на сегодняшний день их площадь достигла 31 млн га. Наряду с этим, Казахстан демонстрирует результаты мирового значения в сохранении видов. Мы сумели сохранить и приумножить численность сайгаков.

Сегодня мы реализовываем программу с лошастью Пржевальского. Возвращаем в исходные места обитания туранского тигра. Действуя вместе, мы сможем сохранить наше природное наследие, - подчеркнул он.

По материалам Д.Искаковой,
inform.kz, фото: pixabay.

2026 ЖЫЛҒЫ ИММУНДАУДЫҢ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК АПТАЛЫҒЫ "ВАКЦИНАЛАР ӘРБІР ҰРПАҚ ҮШІН ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ"



2012 жылдан бастап сәуір айының соңғы аптасында өткізілетін Иммундаудың дүниежүзілік апталығы барлық жастағы адамдарды вакцинамен басқарылатын аурулардан қорғауда иммундаудың маңызын арттыруға бағытталған.

2026 жылғы Иммундаудың дүниежүзілік апталығы, «Вакциналар әрбір ұрпақ үшін жұмыс істейді» деген ұранмен өтеді, ол вакцинацияның жылдар бойы адамдарды, отбасыларды және тұтас қауымдастықтарды қауіпсіз қорғағанын еске салуға бағытталған, сондай-ақ ол біздің болашағымызды қорғаудағы маңызды рөлін көрсетеді. Мақсаты - вакцинацияға деген сенімділікті арттыру және мотивацияны күшейту, сондай-ақ медициналық қызметкерлерді қолдау. Бұл оларға вакцинадан немесе оны алдын алатын аурулардан туындайтын алаңдаушылық немесе қорқыныш білдіретін адамдар мен отбасылармен ашық әрі жанашыр қарым-қатынас жасауға мүмкіндік береді.

2026 жылғы иммундаудың дүниежүзілік апталығы келесі міндеттерді көздейді:

1) Қорғаныстың сабақтастығын көрсету: иммундаудың адамдар мен отбасылардың өзін және айналасындағыларды қорғау жөніндегі саналы шешімдерінің арқасында бірнеше ұрпақты өлімге әкелуі мүмкін аурулардан қауіпсіз әрі тиімді қорғап келгенін көрсету.


2) Вакцинация мәселелері бойынша медициналық қызметкерлерді тиімді коммуникация жүргізу дағдыларына оқыту арқылы халықтың, оның ішінде күмәнданатын отбасылардың толық ақпарат алып, вакцинация туралы сенімді шешім қабылдауына жағдай жасау.

3) Ғылыми дәлелдер туралы түсінікті нығайту: вакциналардың қауіпсіздігі мен тиімділігі жөніндегі қоғамдық сауаттылықты арттыру, жеке тұлғаларға, отбасыларға және қоғамдастықтарға иммундау туралы негізделген шешім қабылдауға мүмкіндік беру.

4) Жүйеге деген сенімді нығайту: иммундау саласындағы ашықтық, есептілік және үздіксіз инновациялар қағидаттарын атап көрсету, сондай-ақ инвестициялар, ғылыми зерттеулер және вакциналарға тең қолжетімділікті қамтамасыз ету арқылы болашақ ұрпақты қорғаудағы ортақ жауапкершілікке назар аудару.

Жалағаш аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау Басқармасы, ашық көздерден алынған фотосурет.

СЫРТҚЫ (КӨРНЕКІ) ЖАРНАМАНЫ ОРНАЛАСТЫРҒАНЫ ҮШІН ТӨЛЕМАҚЫ



Сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырғаны үшін төлемақы сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырғаны үшін алынады.

Тиісті хабарлама жіберілмеген жағдайда сыртқы (көрнекі) жарнаманы іс жүзінде орналастыру төлемақы сомасын өндіріп алу және бюджетке енгізу үшін негіз болып табылады.

Жергілікті атқарушы органдар ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 15-інен кешіктірмейтін мерзімде сыртқы (көрнекі) жарнама орналастырылған жердегі салық органдарына төлемақы төлеушілер, төлемақы сомалары, сыртқы (көрнекі) жарнаманың орналастырылу кезеңі мен орны, хабарламаның жіберілгені (жіберілмегені) туралы мәліметтерді ұсынады.

Төлемақы төлеушілер болып табылады:

1. Сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерінің меншік иелері немесе сыртқы (көрнекі) жарнама орналастырылатын ғимараттардың (құрылысжайлардың) меншік иелері төлемақы төлеушілер болып табылады.

2. Заңды тұлға өз шешімімен өзінің құрылымдық бөлімшесін төлемақыны дербес төлеуші деп тануға құқылы.

Заңды тұлғаның шешімі немесе осындай шешімнің күшін жою мұндай шешім қабылданған жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

3. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары өздеріне жүктелген функционалдық міндеттерді іске асыруға байланысты орналастырылатын сыртқы (көрнекі) жарнама бойынша төлемақы төлеушілер болып табылмайды.

Төлемақы мөлшерлемелері

1. Төлемақы мөлшерлемелері сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастыру жүзеге асырылатын тиісті күнтізбелік айдың бірінші күніне қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің еселенген мөлшерінде айқындалады.

Есептеу, төлеу тәртібі мен төлеу мерзімдері

1. Төлемақы мөлшері төлемақы мөлшерлемелері және сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырудың:

1) хабарламада көрсетілген;

2) сыртқы (көрнекі) жарнама хабарлама жіберілмей орналастырылған жағдайда, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, облыстық маңызы бар қаланың және ауданның жергілікті атқарушы органы белгілеген нақты мерзімі негізге алына отырып есептеледі.

Сыртқы (көрнекі) жарнама күнтізбелік бір айдан аз мерзімге орналастырылған кезде төлемақы мөлшері күнтізбелік бір ай үшін айқындалады.

2. Бюджетке енгізуге жататын төлемақы сомасы ай сайын, ағымдағы айдың 25-інен кешіктірмейтін мерзімде төленеді.

Бұл ретте сыртқы (көрнекі) жарнама хабарлама негізінде орналастырылған жағдайда, жарнаманы орналастырудың бірінші айы үшін төлемақы төлеу хабарлама жіберілгенге дейін жүргізілуге тиіс.

3. Республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, облыстық маңызы бар қалалардың және аудандардың жергілікті атқарушы органдарына хабарлама жіберілген кезде төлемақы төлеушілер сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырудың бірінші айы үшін төлемақы сомасының бюджетке енгізілгенін растайтын құжатты қоса береді.

4. Төлемақы сомасы сыртқы (көрнекі) жарнаманың орналасқан жері бойынша бюджетке төленеді.

Жергілікті органдардың өкілеттіктері

* Облыстардың мәслихаттары мөлшерлемелерді 50%-дан аспайтын төмендетуге немесе 100%-дан аспайтын арттыруға құқылы.

* Астана қаласы мен республикалық маңызы бар қалалардың мәслихаттары мөлшерлемелерді 50%-дан аспайтын төмендетуге немесе 200%-дан аспайтын арттыруға құқылы.

**Ә. ТЕМІРБАЙ,
Қазалы ауданы бойынша Мемлекеттік
кірістер Басқармасының бас маманы.**

ОҚУШЫЛАР АРАСЫНДА СКОЛИОЗ АУРУЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ



Сколиоз - омыртқа жотасының бүйірге қарай қисаюы. Бұл ауру көбінесе мектеп жасындағы балалар мен жасөспірімдер арасында жиі кездеседі. Себебі осы кезеңде баланың сүйек жүйесі өсіп, омыртқасы қалыптасу үстінде болады. Егер бала дұрыс отырмаса, ауыр сөмке көтерсе немесе аз қимылдаса, сколиоздың пайда болу қаупі артады. Қазіргі таңда оқушылардың көп уақыты партада, компьютер алдында немесе телефон қарап өтеді. Ұзақ уақыт еңкейіп отыру арқа бұлшықеттерін әлсіретіп, омыртқаның қисаюына әсер етеді. Сондықтан сабақ оқу кезінде денені тік ұстап, нықты тең ұстау өте маңызды.

Парта мен орындық баланың бойына сай болуы керек. Кітап пен дәптер көзден 30-35 см қашықтықта тұрғаны жөн. Оқушы сөмкесінің салмағы да денсаулыққа әсер етеді. Ауыр сөмке омыртқаға күш түсіреді. Сол себепті екі иыққа тағылатын рюкзак қолданған дұрыс. Сөмкенің салмағы баланың дене салмағына сәйкес болуы қажет. Сколиоздың алдын алудың тиімді жолдарының бірі - дене белсенділігі. Күнделікті таңертеңгі жаттығу жасау, спортпен шұғылдану, жүзу, жүгіру, таза ауада серуендеу арқа бұлшықеттерін дамытып, омыртқаны нығайтады. Әсіресе жүзу спорты омыртқаға өте пайдалы.

Сонымен қатар, дұрыс тамақтану да маңызды. Кальцийге, дәрумендерге бай тағамдар - сүт өнімдері, балық, жұмыртқа, көкөніс пен жемістер сүйектің дұрыс дамуына көмектеседі. Ата-аналар мен мұғалімдер балалардың дене қалпын бақылап, уақытылы ескерту жасап отыруы керек. Егер баланың иығы қисайып, арқасы еңкейіп жүрсе немесе тез шаршаса, дәрігерге қаралған жөн.

Денсаулық - адамның ең басты байлығы. Сондықтан әрбір оқушы өз денсаулығына жауапкершілікпен қарап, сколиоздың алдын алу шараларын күнделікті өмірде сақтауы қажет. Сау омыртқа - жарқын болашақ кепілі.

**Алмара Ықласқызы МАРАТ,
Қызылорда қалалық санитариялық-эпидемиологиялық
бақылау Басқармасының бас маманы,
ашық көздерден алынған фотосурет.**

ТҰМАУ АУРУЫ ТУРАЛЫ

Тұмау - бұл жоғарғы тыныс жолдарына әсер ететін инфекциялық ауру, ауа-тамшы жолымен таралады.

Тұмаудың инфекция көзі - науқас адам. Жөтелу, түшкіру және тыныс алу кезінде науқас адам айналасындағыларға инфекцияны жұқтырады.

Ауадағы жұқпалы бөлшектер біртіндеп айналадағы заттарға түседі. Вируспен ластанған үй заттарының қасынан өткенде, үйге тазалық жүргізгенде, осы заттарды қолданғанда, біз байқамай жұқтырылған бөлшектерді еріксіз сілкіп тастаймыз, олар ауаға қайта көтеріліп, адамның тыныс алу жүйесіне енеді. Вирустың тыныс алу жолына түсуіне жол бермеу үшін қолдарды жиі жуу, қоғамдық орындарда болғаннан кейін және қоғамдық көліктерді пайдаланғаннан кейін мұрын өзегін жуу керек. Бұл бөлшектерді ішке тарту – тұмау вирусының дені сау адамның денесіне кіруіне жол береді.

Тұмаудың инкубациялық кезеңі бірнеше сағаттан 10 күнге дейін, орта есеппен 2 күнді құрады. Жасырын фазаның ұзақтығы вирустың түріне байланысты. Инкубация кезеңінде тұмау білінбейді. Инкубация кезеңінен кейін аурудың көріністері пайда болады:

1. Температураның жоғарылауы әдетте аурудың бірінші сағаттарында пайда болады. Қатты қызба, температура 40°C-қа дейін, тіпті одан да жоғары болады.

2. Әлсіздік, дене сырқырауы, басталатын аурудың алғашқы белгілері болуы мүмкін.

3. Мұрын бітелуі, түшкіру, тамақтың жиыбырауы – аурудың жиі кездесетін алғашқы белгілері.

4. Бірнеше күннен кейін мұрынның ағуы, жөтел пайда болады. Бірте-бірте жөтел ылғалды болып, қақырық шыға бастайды.

Тұмауға қарсы тиімді әдіс - ВАКЦИНАЦИЯ болып табылады. Өз уақытында вакцинациялану тұмауға бірнеше рет шалдығуды азайтады, аурудың ұзақтығын қысқартады және асқынулардың алдын алады.

ФОРТИФИКАЦИЯЛАНҒАН ҰННЫҢ ПАЙДАСЫ



Фортификация - дегеніміз не? Ол ұнды тарту кезінде аз мөлшерде дәрумендер мен минералды (премикс деп аталатын витаминді-минералды кешен) қосу процесі. Бұл өнімнің сапасы мен қоректілік құндылығын арттыруға мүмкіндік береді. Барлығымыз білетіндей, бидай әлемдегі кең таралған астық дақыл болып табылады, адамдар оның көп үлесін тұтынады. Бидайдың табиғи құрамы В1 (тиамин), В 2 (рибофлавин), В6 (пиридоксин), Е дәрумендеріне, ниацинге, сонымен қатар, темір мен мырышқа бай. Алайда, осы қоректік заттар бидайдың сыртқы қабығында жинақталғандықтан, ұнды тарту кезінде олар өз құрамын жоғалтып алады. Бұл ретте ұнды фортификациялаудың көп көмегі тиесі. Бұлардың қайта қалпына келтірудің бірден-бір жолы - ұнды дәрумендермен және микроэлементтермен байыту. Фортификация процесі кезінде жоғары және бірінші сұрыптағы бір тонна ұнға 150 грамм темір, мырыш қоспалары, фолий қышқылы мен В- тобының дәрумендері қосылады. Коспа элементтері тағамдық сапаны арттырады, бірақ ұнның органикалық және басқа да қасиеттеріне әсерін тигізбейді және жанама құбылыстарды туғызбайды. Фортификацияланған ұнның сақтау мерзімі алты ай. Сонымен бірге, ұн тез өткізілетін өнім болғандықтан, кәсіпорындарда ұнның нақты сақтау мерзімі жиірек 3-6 аймен шектеліп, 6 айдан аспайды.

Адамның денсаулығына қауіпі бар проблемалардың бірі - ол ас үлесіндегі темір мен фолий қышқылы сияқты дәрумендер мен минералдардың жетіспеушілігі «Анемияға» әкеп соғады. Гемоглобин нормасы қалыпқа келу үшін байытылған ұн мен нанды бір-екі жыл тұрақты қолдану қажет.

Фортификацияланған ұнды күнделікті тұтынуды үрдіске айналдыруға мән бергеніңіз жөн.

**Жанар Пермебайқызы БИСЕНБАЙ,
Сырдария аудандық СЭББ жетекші маманы,
ашық көздерден алынған фотосурет.**

ӨМІР-КІТАП

Өмір-кітап.

Өмір - кітап оны кім жазады?

Беттерін тағдыр береді,

Мазмұнын адам өзі жазады,

Жолдарын жүрек тереңі.

Бір беті - бала бал дәурен,

Ақ парак, кіршік тимеген,

Арманның әрбір әрпінен

Болашақ үміт билеген.

Келесі бет - жастық шақ,

Жалындап жанған сезім бар,

Қателік, жеңіс аралас,

Сабаққа толы кезің бар.

Кей беті бұлтты, мұндырақ,

Жаңбырдай төгілер көз жасың,

Сол сәтте сынбай, шындалып,

Қатайып өсер өз басың.

Тағы бір бетте шат күлкі,

Жылылық толы жан-жағың,

Сүйіспеншілік жолымен

Жарыққа бастар бар бағың.

Кей жолы өшіп, көмескі,

Із қалды уақыт табынан,

Өкінбе, қайта жазуға

Мүмкіндік бар ғой тағы да.

Соңғы бет жақын қалған шақ,

Қарайсың үнсіз өткенге,

Не жаздың, соны оқисың

Өзіңе берген есепке.

Өмір - кітап, әлбетте,

Әр күнің - тарау жаңа бір,

Жақсылық жазып әр бетке,

Мәңгі жоғалмас із қалдыр.

ХАБАРЛАНДЫРУЛАР ● ОБЪЯВЛЕНИЯ

«Кирпичный завод Дос» ЖК ҚР Экологиялық кодексінің 96 бабына сәйкес 08.06.2026 ж. 10:00-де Қызылорда обл., Қызылорда қ.э., Қосшыңырау а.о., Абай а., Бейбітшілік көш., 79-ғимаратта «Қызылорда-Жезқазған тас жолының

17-шақырымында орналасқан «Кирпичный завод Дос» ЖК шығарынды көздері үшін атмосфераға ластанушы заттардың жол берілетін шығарындыларының (ЖШШ) нормативтері жобасы, Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы, Қалдықтарды басқару бағдарламасы, Табиғат қорғау іс-шараларының жоспары бойынша ашық жиналыс түріндегі қоғамдық тыңдау өтетіндігін хабарлайды.

Қоғамдық тыңдаулар өткізу қағидаларының 1 тарау 8 тармағына сәйкес ұсыныстар мен ескертулерді жергілікті атқарушы орган қабылдайды: a.koszhanova@korda.gov.kz ақпараттық жүйе: https://ndbecology.gov.kz/ ZoomКонференция: https://us04web.zoom.us/j/1437052497?pwd=Vvtp115xrhgECC0XrLiA3RY2Gr8aWX.1

Конференция идентификаторы: 714 3705 2497. Кіру коды: sb0Sw9
Жергілікті атқарушы органның электрондық мекенжайы мен пошталық мекенжайы: Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы: prd@korda.gov.kz, a.koszhanova@korda.gov.kz Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, №1, тел: 8-(7242)-60-53-62.

Белгіленген қызметтің бастамашысы: «Кирпичный завод Дос» ЖК
Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 120700, Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Бәйкекүм ауылы, Досбол көшесі, 5/2-ғимарат. ЖСН (БИН): 071 240 002 008. Тел/факс: 830 930 300 366.

Электрондық пошта: Arai87_87@list.ru
Жобаны жасақтаушы: «ЭКО-ОРДА» ЖК. ҚР, 120000, Қызылорда қаласы, Сырдария мөлтек ауданы, №20 үй, 39 п. Тел. +7777 785 13 46, e-mail: esoord@bk.ru

Нысан орталығының шамаланған географиялық координаттары:
Ендік: 44.888289. Бойлық: 65.635128

ИП «Кирпичный завод Дос» в соответствии с требованиями ст.96 Экологического Кодекса РК, сообщает, что 08.06.2026 года в 10:00 по адресу Кызылординская область, Кызылорда Г.А., Косшыңырауский с.о., с.Абай. ул.БЕЙБИТШИЛИК, 3/Д. 79, состоится общественные слушания в форме открытого собрания по проекту «Проект нормативов допустимых выбросов (НДВ) загрязняющих веществ в атмосферу от источников выбросов

ИП «Кирпичный завод Дос», расположены на 17 км автодороги Кызылорда-Жезказған, ПУО, ПЭК, ППМ».

Согласно прил.1 п.8 правил проведения общественных слушаний предложения и замечания принимает местный исполнительный орган: a.koszhanova@korda.gov.kz и информационная система: https://ndbecology.gov.kz/ Zoom Конференция: https://us04web.zoom.us/j/1437052497?pwd=Vvtp115xrhgECC0XrLiA3RY2Gr8aWX.1

Идентификатор конференции: 714 3705 2497 Код доступа: sb0Sw9

Электронный адрес и почтовый адрес местного исполнительного органа: Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Кызылординской области: prd@korda.gov.kz, a.koszhanova@korda.gov.kz,

г.Кызылорда, улица Бейбарыс Султан, № 1, тел: 8-(7242)-60-53-62.

Инициатор намечаемой деятельности: ИП «Кирпичный завод Дос», РК,120700, Кызылординская область, Шиелійский район, село Байкекүм, улица Досбол Бн 5/2. БИН 071 240 002 008.

Тел/факс: 830 930 300 366, e-mail: Arai87_87@list.ru

Разработчик: ИП «ЭКО-ОРДА», РК, 120000, город Кызылорда, мкр-н. Сырдария, дом №20, кв. 39

Тел. +7777 785 13 46, e-mail: esoord@bk.ru

Ориентировочные географические координаты центра объекта:

Широта: 44.888289. Долгота: 65.635128

ИММУНДАУ АПТАЛЫҒЫ



Иммундау апталығы - бұл Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы ұйымдастыратын жыл сайынғы ақпараттық науқан. Оның мақсаты - вакцинацияның маңызын түсіндіру және адамдарды жұқпалы аурулардан қорғау.

Негізгі мақсаттары:

- вакциналардың адамдарды ұзақ жылдар бойы аурулардан қорғап келе жатқанын көрсету;
- медицина қызметкерлеріне ақпаратты қарапайым әрі түсінікті жеткізуге көмектесу;
- вакциналардың қауіпсіз әрі тиімді екенін түсіндіру;
- қоғамның вакцинаға деген сенімін арттыру және оның барлығына қолжетімді болуын қолдау.

Вакцинация - медицина тарихындағы ең қуатты құралдардың бірі. Соңғы жарты ғасырда вакциналар 150 миллионнан астам адамның өмірін сақтап қалды. Бұл өздігінен болған жок, бұл - жақындарын қорғау үшін қабылданған миллиондаған адамдардың саналы шешімдерінің нәтижесі. Елестетіп көріңіз: 50 жыл бойы әр минут сайын 6 адамның өмірі сақталып келеді.

Бұл көрсеткіштердің артында жанқияр медициналық қызметкерлер, жауапты ата-аналар және тұтас қоғамдастықтар тұр. Бұл - қызылша, дифтерия, көкжөтел және полиомелиит сияқты ауруларсыз болашақты тандаған бірнеше ұрпақтың шешімінің нәтижесі.

Бүгінгі күнге жұқпалы аурулардың алдын алуда денсаулық сақтау саласының басты бағыты вакцинация болып табылады. Иммундау арқылы

жұқпалы аурулардан қорғану ұзақ жылдардан белгілі. Тиімді және қауіпсіз вакцинация қолдану нәтижесінде эпидемияға, өлім жағдайына алып келетін бірқатар ауыр жұқпалы аурулардың жойылуына қол жеткізілді, жұқпалы ауруларға қарсы ұжымдық иммунитет және тұрғындардың эпидемиялық сауалаттылығы қалыптасты.

Вакциналар туралы жалған ақпарат вакциналар алғаш пайда болғаннан бері болғанымен, ол кеңінен таралып, қоғамның сеніміне қауіп төндіруде. Зерттеулер көрсеткендей, тіпті жалған ақпаратпен бетпе-бет келу адамдардың вакцина қауіпсіздігіне күмән келтіруіне себеп болуы мүмкін. Бұл бұрын балаларын вакцинациялаған ата-аналарға да әсер етуі мүмкін.

Иммундау арқылы алдын алуға болатын жұқпалы аурулардың қауіпі толығымен жойылған жоқ. Өкінішке қарай, әлем бойынша жыл сайын жұқпалы ауруларға қарсы егілмеген миллионға жуық бала өлім жағдайына ұшырайды. Иммундау тұрғындардың денсаулығы үшін маңызды.

Дамып келе жатқан мемлекеттер балаларына вакцина алуға күресіп жатқанда, дамыған елдерде басқа мәселелер туындауда. Ересектер мен балалар арасында сырақтанушылық көрсеткішінің төмен деңгейінен, ата - аналар балаларын ектіруден негізсіз бас тартуда. Бұл жалған сенімдер дифтерия, қызылша, көкжөтел, паротит секілді сырақтанушылықтардың жоғарылауына әкеліп соқтыруы мүмкін.

Иммундау апталығы шеңберінде егілусіз қалып жатқан басқа республикалардан, аймақтардан келген, тіркесіз (оның ішінде саяжайларда), заңсыз тұрақтаған халық топтарын, дін қауымдарының мүшелерін анықтап жұқпалы сырақтанушылыққа қарсы жоспарлы иммундауға медициналық ұйымдарға сесіпке алу шаралары ұйымдастырылады.

Балаңызды қазір ектіру арқылы, Сіз тек сырақтанушылықтың пайда болуының алдын алып қана қоймай, ауыр асқынудардан сақтап қаласыз, бұл өте маңызды. Сырақтанбай тұрып, балаңызға қазір көмектесіңіз! Оның болашақ өмірін қауіпсіз етіңіз, өзіңізге деңе сау ұрпақ қуанышын сыйлаңыз!

Иммундау апталығы - өз балаңызды және өзіңізді бүгін қорғаудың мүмкіндігі!

К.ОМАРОВА,
Сырдария аудандық СЭББ басшысы,
ашық көздерден алынған фотосурет.

РАЗРЕШЕНИЯ НА ВЫЛОВ РЫБЫ БУДУТ
ОФОРМЛЯТЬ ЗА ОДИН ДЕНЬ В КАЗАХСТАНЕ

Приказом министра сельского хозяйства от 15 апреля 2026 года утверждены Правила оказания государственной услуги по выдаче разрешения на изъятие рыб и других водных животных, численность которых подлежит регулированию, передает корреспондент агентства Kazinform.

Услуга предоставляется межобластными бассейновыми инспекциями рыбного хозяйства Комитета рыбного хозяйства МСХ РК физическим и юридическим лицам. Срок оказания - один рабочий день, услуга предоставляется на безвозмездной основе.

Для получения разрешения необходимо подать заявление услугодателю. При обращении через портал статус заявки, а также уведомление с датой и временем получения результата отображаются в личном кабинете.

Сведения о регистрации юридического лица или индивидуального предпринимателя, а также данные удостоверяющих личность документов запрашиваются услугодателем из государственных информационных систем через шлюз «электронного правительства».

Поступившее заявление регистрируется в государственной базе данных «Е-лицензирование» и направляется на рассмотрение. В случае выявления оснований для отказа заявителю направляется мотивированный ответ в электронной форме, подписанный электронной цифровой подписью руководителя.



При наличии полного пакета документов уполномоченный сотрудник в течение одного рабочего дня проверяет их на соответствие установленным требованиям и оформляет разрешение.

Результат оказания услуги направляется заявителю через портал в форме электронного документа, заверенного ЭЦП.

Уполномоченный орган в течение трёх рабочих дней информирует оператора цифровой инфраструктуры «электронного правительства» и Единый контакт-центр о внесенных изменениях и дополнениях.

Приказ вводится в действие с 12 июля 2026 года.

По материалам А.Саптаева,
inform.kz, фото: pixabay.

ОБЗОР ИНВЕСТИЦИОННОГО ПОРТФЕЛЯ
ПОД УПРАВЛЕНИЕМ НБРК И УИП ПО
СОСТОЯНИЮ НА 1 МАРТА 2026 ГОДА

На сайте enpf.kz представлен отчет об управлении пенсионными активами НБРК и УИП по состоянию на 1 марта 2026 года

АО «ЕНПФ» (ЕНПФ, Фонд) представляет отчет об управлении пенсионными активами Национальным Банком Республики Казахстан (НБРК) и управляющими инвестиционным портфелем (УИП) на сайте enpf.kz в разделе «Статистика и аналитика - Инвестиционное управление пенсионными активами».

Общий объем пенсионных активов на 1 марта 2026 года под управлением НБРК и УИП составил 26 851,19 млрд тенге. По состоянию на эту дату пенсионные активы ЕНПФ, находящиеся в доверительном управлении НБРК, сформированные за счет обязательных пенсионных взносов (ОПВ), обязательных профессиональных пенсионных взносов (ОППВ), добровольных пенсионных взносов (ДПВ), составили порядка 25 874,71 млрд. тенге. Объем пенсионных активов, сформированных за счет обязательных пенсионных взносов работодателя (ОПВР), находящихся в доверительном управлении НБРК, - 877,09 млрд. тенге. Пенсионные активы под управлением УИП составили 99,39 млрд тенге.

Инвестиционный портфель пенсионных
активов под управлением НБРК

Национальный Банк, как доверительный управляющий пенсионными активами ЕНПФ, проводит сбалансированную инвестиционную политику: инвестирует в различные виды финансовых инструментов, дифференцируя портфель по валютам, странам, секторам и эмитентам.

